



## Жобалары қоғамдық тыңдауларға шығарылуға жататын шаруашылық қызметі тұрлерінің тізбесін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2016 жылғы 10 маусымдағы № 240 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 2 тамызда № 14058 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 26 қазандығы № 425 бұйрығымен.

**Ескеरту. Күші жойылды – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 26.10.2021 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабының 29) тармақшасына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жобалары қоғамдық тыңдауларға шығарылуға жататын шаруашылық қызметі тұрлерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық мониторинг және ақпарат департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Зан қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице - министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрінің

міндеттін атқарушы

М. Мырзагалиев

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрің орынбасары -  
Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
\_\_\_\_\_ А. Мырзахметов  
2016 жылғы 18 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі  
\_\_\_\_\_ Э. Исекешев

2016 жылғы 14 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
\_\_\_\_\_ Қ. Бишімбаев

2016 жылғы 24 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі  
\_\_\_\_\_ Қ. Қасымов

2016 жылғы 16 маусым

**ЖОЙГАН**

**Күшін жойған**

**Күшін жойған**

**Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2016 жылғы 10 маусымдағы  
№ 240 бұйрығымен  
бекітілген

## Жобалары қоғамдық тыңдауларға шығарылуға жататын шаруашылық қызмет түрлерінің тізбесі

### 1. Ауыл шаруашылығы саласында:

1) өзен бассейндері арасындағы су ресурстарын ауыстырып отыру жөніндегі жұмыстар, мұндай жағдайда бұл ауыстыру су жетімсіздігін болдырмауға бағытталған және ауыстырылатын су мөлшері жылына 100 млн.текше метрден асады (бұдан әрі - жылына млн.текше метр);

2) өзен бассейндері арасындағы су ресурстарын ауыстырып отыру ауыз су жүргізетін құбырын ауыстырудан басқа бассейннен көп жылғы орта ағынмен суды жинау жылына 2000 млн. текше метрден асатын ауыстырылатын су көлемі бұлағынның 5% - нан асады;

3) мал шаруашылығы бойынша:

құстар немесе шошқаны өсіру;

құстар үшін 10000 орыннан астам;

шошқаларды (30 килограмм салмақтан артық) бордақылау үшін 2000 орыннан астам есептелген құстар немесе шошқаларды өсіру;

аналық шошқалар үшін 750 орын;

тәулігіне 50 тоннадан асатын тұтас етті өндіру бойынша қуатты қасапханалар.

### 2. Орман шаруашылығы саласында:

1) мемлекеттік орман қорының жерлеріндегі объектілерді орналастыру бойынша;

2) мемлекеттік орман қорының жерлеріндегі орманның, оның ішінде елді мекендер шекарасының шенберіндегі көгалдандыру екпелерінің кесілуі бойынша.

3. Тау - кен өндірісі саласында:

1) газ жағдайында тәулігіне 500000 текше метр және мұнай жағдайында тәулігіне 500 тоннадан асатын шығарылған мөлшері мұнай және газды өндіру, барлау бойынша;

2) сыйымдылығы 200000 тонна немесе одан көбірек мұнай, газ, мұнай - химия немесе химиялық өнімдерін сактау объектілері (сақтау қондырғылары) бойынша;

3) 150 гектардан асатын участок бетіндегі шымтезекті алу немесе 25 гектардан асатын участок бетіндегі қатты және жалпыға кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру және қайта өндіру (оның ішінде байыту) бойынша.

### 4. Өндіру өнеркәсібі саласында:

1) кокс пештерінің өнімдерін өндіру бойынша;

- 2) мұнайды қайта өндеуші және газды қайта өндеуші зауыттар бойынша;
  - 3) газдандыру және көмірді сұйылту бойынша;
  - 4) пайдаланылған ядролық отынды қайта өндеу бойынша;
  - 5) ядролық отынды өндіру немесе байыту бойынша;
  - 6) пайдаланылған ядролық отынды немесе жоғары радиоактивті қалдықтарды өндеу бойынша;
  - 7) пайдаланылған ядролық отынды жою бойынша;
  - 8) пайдаланылған ядролық отынды немесе жоғары радиоактивті қалдықтарды, өндіріс объектісі аумағы шегінен тыс (10 жылдан көбірек мерзімге) сақтау бойынша сондай-ақ ядролық отын банкін сақтау бойынша;
  - 9) қорғасын аккумуляторларының өндірісі бойынша;
  - 10) автокөлік құралдарын өндіру бойынша;
  - 11) болат метал құрастырылымдарының өндірісі;
  - 12) тері қалдықтарынан, дала және қоқыс сүйектерінен және жануарлардың басқа да қалдықтары мен қоқтықтарынан желім даярлайтын желім қайнату өндірістері;
  - 13) сүйектен, тері шелісінен, тері қалдықтарынан және қоймада сақтай отырып жануарлардың басқа да қалдықтары мен қоқтықтарынан жасалатын техникалық желатин өндірісі;
  - 14) өлген жануарларды, балықты, оның бөліктерін және жануарлардың басқа да қалдықтары мен қоқтықтарын (майға айналдыру, жануарларға арналған жемдіктер, тыңайтқыштар) өндейтін кәдеге жарату зауыттары;
  - 15) сүйекті өртейтін және сүйекті ұсақтайтын зауыттар;
  - 16) металдарды өндіру және өндеу бойынша:
- өндеу үшін пайдаланылатын күбілердің көлемі 30 текше метрден асатын электролиттік немесе химиялық процестерді пайдалана отырып, металдар мен пластикалық материктерді ұстірт өндеу;
- қара металдарды өндеу:
- өндірістік қуаты күніне 20 тоннадан асатын қара металлдар құю;
- балғаға 50 килоджоульден асатын, тұтынылатын жылу қуаты 20 мегаваттан асатын ұста балғалары;
- сағатына 2 тоннадан асатын шикі болатты бере отырып қорғаныш шашыратқы металл жамылғыларын жағу;
- тәулігіне 20 тоннадан асатын өндірістік қуаттылықпен қара металдарды балқыту;
- түсті металдарды өндеу:

рудадан қышқылдандырылмаған тұсті металдарды, металургиялық, химиялық немесе электролиттік процестер арқылы концентраттарды немесе қайталама шикізат материалдарын өндіру;

корғасын мен кадмий үшін күніне 4 тоннадан немесе басқа барлық металдар үшін 20 тоннадан асатын балқыту қуаты бар, легирленгенін қоса алғанда, тұсті металдардың, оның ішінде рекуперирленген өнімдерді қорыту;

17) минерал шикізатын қайта өндіру бойынша:

цемент (портланд - шлакопортланд - пуццолан - цемент және басқалары), сондай-ақ жергілікті цементтер (глинитцемент, романцемент, гипсошлак, фосфорлы - шлак және басқалары) және әктас өндірісі;

ізбес өндіру және құрамында ізбесі бар өнімдерді дайындау;

әйнек талшығын қоса алғанда, күніне 20 тоннадан асатын балқытқыш қуаты бар әйнек өндірісі;

күніне 20 тоннадан асатын балқытқыш қуаты бар, минералдық талшықтар өндірісін қоса алғанда, минералды заттар еріту;

күйдіру пештерінің қуаты 4 текше метрден асатын және күйдіру пештеріндегі салындының тығыздығы 300 килограмм текше метрден асатын шатыр қыштарын, кірпіш, отқа төзімді кірпіш, керамикалық плиткалар, тас керамикалар немесе фарфор бүйымдарын күйдіру арқылы керамикалық өнімдердің өндірісі;

асфальбетон, асфальтбетон қоспаларын өндіру;

шахталық, айналмалы және басқа пештерде күйдіру арқылы магнезитті, доломитті және шамотты өндіру;

18) химия өнеркәсібі бойынша:

негізгі органикалық химиялық заттарды өндіру;

қарапайым көмірсүтектер (линиялық немесе циклдік, қаныққан немесе қанықпаған, алифаттық немесе хош иісті);

құрамында оттегі бар көмірсүтектері (спирттер, альдегидтер, кетондар, карбонды қышқылдар, күрделі эфирлер, ацетаттар, қарапайым эфирлер, тотықтар, эпоксидті смолалар);

күкіртті көмірсүтектер;

азотты көмірсүтектер (аминдер, амидтер, азоттың қосылысы, нитро қосылыстар, нитрилдер, цианаттар, изоцианаттар);

құрамында фосфор бар көмірсүтектер;

галогенизделген көмірсүтектер;

органометалдық қосылыстар;

негізгі пластикалық материалдар (полимерлер, синтетикалық талшықтар және целлюлоза базасындағы талшықтар);

синтетикалық каучук;

бояулар мен пигменттер;

беткі - белсенді заттар;

нафтален және антрацен қатарындағы жартылай өнімдердің - бетанафтотол, аш - қышқылы, фенилпери қышқылдар, периқышқыл, антрахинон, фталийлік ангидрид және басқаларының өндірісі;

негізгі органикалық емес заттар өндірісі:

диметилтерефталат өндірісі;

капролактам өндірісі;

пестицидтер өндірісі;

басқа да органикалық қоспаларды, сүректі құрғақ айдауды қоса алғандағы өндіріс (сүректі көмір, және т.б.);

газдар (аммиак, хлор немесе хлорлы сутек, фтор немесе фторлы сутек, көміртек оксидтері, күкірт қосылыстары, азот оксидтері, сутек, күкірт диоксиді, көміртек хлор қышқылы);

қышқылдар (хромды қышқыл, фторлы сутек қышқылы, азот қышқылы, хлорлы - сутекті қышқыл, күкірт қышқылы, олеум, күкірт қышқылы);

сілтілер (аммоний гидро қышқылы, калий гидро қышқылы, натрий гидро қышқылы);

тұздар (хлорлы аммоний, хлорлықышқыл калий, көмірқышқыл калий, көмірқышқыл натрий, перборат, азотқышқыл күміс);

металеместер, металл қышқылдары немесе басқа органикалық емес қосылыстар (кальций карбиді, кремний карбиді);

фосфор, азот немесе калий минералды тыңайтқыштар (қарапайым немесе күрделі тыңайтқыштар) өндірдірісі;

өсімдік шаруашылығы және биоцидтер үшін негізгі өнімдер өндірісі;

фармацевтикалық өнімдер мен препараттардың өндірісі;

хлорлау әдісімен (титан - магний, магний және басқалары) сирек металдар өндірісі;

күкіртті көміртек өндірісі;

кушәла мен оның қосындыларының өндірісі;

вольфрам, молибден, кобальт гидрометаллургиясы өндірісі;

жарылғыш заттар өндірісі;

химиялық немесе биологиялық процестерін пайдалана отырып, ақуыз жем қоспаларын, ферменттер және басқа ақуыз заттарының өндірісі;

19) азық - тұлік өнімдері өндірісі бойынша:

тәулігіне 75 тоннадан асатын дайын өнім өндіру жөнінде қуаты бар мал шикізаты (сүттен басқа);

тәулігіне 300 тоннадан асатын өндірістік қуаттылықпен дайын өнім өндіру бойынша (жыл сайынғы негізде орташа көрсеткіш) өсімдік шикізаты;

сүтті өндеу және қайта өндеу кезінде алынатын сүттің мөлшері тәулігіне 200 тоннадан жоғары (орташа көрсеткіш жыл сайынғы негізде);

теңіз жануарларынан алынатын майды еріту;

ішек жуатын объектілер;

ірімшік қайнататын өндірістер;

етті сүрлейтін өндірістер;

балықты сүрлейтін зауыттар;

мал шикізатының үш тәулікке дейінгі қорының шегінде малды сойғанға дейін ұстауға арналған базаны қоса алғанда, ет өндеу кәсіпорны (ірі және ұсақ қара малдар) және ет комбинаттары;

20) сағатына 150 килограммынан астам немесе жылына 200 тоннадан астам өндірістік қуаты бар, органикалық еріткіштерді пайдалана отырып заттарды, бұйымдарды немесе өнімдерді беткі өндеу, атап айтқанда әрлеуге, басуға, жабуға, майсыздандыруға, гидроокшаулауға, калибровкалауға, бояуға, тазалауға немесе дымқылдауға арналған;

21) тәулігіне өнделетін материалдардың көлемі 10 тоннадан асып түсетін алдын ала өндеуге (жуу, агарту, мерсеризация секілді операциялар) немесе талшықты немесе текстильді бояу;

22) өнделген өнімдерді ұқсату мөлшері тәулігіне 12 тоннадан асып түсетін былғары мен терілерді илеу;

23) ағаштан немесе соған ұқсас талшықты материалдардан целлюлоза өндірісі;

24) тәулігіне 20 тоннадан асатын өндірістік қуаты бар қағаз және картон өндірісі;

25) шойын, болат пен ферроқорытпалардың өндірісі;

26) алюминийдің балқытылған тұздарының (глинозем) электролизі тәсілімен алюминий өндірісі.

5. Құрылыш саласында:

1) теміржол (магистралды) жолдары құрылышы бойынша;

2) негізгі ұшу - қону аланының ұзындығы 2100 метр немесе одан да астам әуежайлар құрылышы бойынша;

3) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының құрылышы бойынша, шаруашылық автомобиль жолдары мен елді мекендердің көшелерінен басқа;

4) 1350 тоннадан астам су сыйымдылығы бар кемелерді қабылдай алатын жағалау және шығынқы порттармен байланысты (паромдық өткел айлақтарын қоспағанда) жүк тиеу мен түсіруге арналған сауда порттары, айлақтар;

5) ұсталатын немесе сақталатын судың жаңа немесе қосымша мөлшері 10 млн. текшеметден асатын суды ұстауға немесе үнемі сақтауға арналған бөгеттер немесе басқа да объектілер құрылышы бойынша;

6) кернеуі 220 киловольт немесе ұзақтығы 15 километрден асатын әуе электр желілерінің құрылышы бойынша және елді мекендердегі ұзындығына қарамастан;

7) қауіпті және тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыру полигонының құрылышы бойынша.

#### 6. Көлік саласында:

1) 40 километр астам ұзақтықтағы және 800 миллиметрден астам диаметрдегі құбыр желісімен газды, мұнайды немесе химиялық заттарды тасымалдау бойынша;

2) су сыйымдылығы 1350 тоннадан астам кемелердің (паромдық өткелдерді қоспағанда) өтуіне жол беретін ішкі су жолдарымен тасымалдау бойынша;

3) айлақтар, жүктөрді қайта тиеу және сақтау, жүктөрді, кемелерді және теміржол көлігін фумигациялауды, газ дезинфекциясын, дератизациясын және дезинсекциясын жүргізу орындары;

жүк айналымы жылына 150000 тоннадан астам апатит концентратын, фосфорит ұнын, цементті және басқа шаңданатын жүктөрді түсіретін орындар;

сүйиқ химиялық жүктөр мен сүйытылған газдарды (метан, пропан, аммиак және басқалары), галогендер, күкірт, азот, көмірсутектерінің (метанол, бензол, толуол және басқалары), спирттер, альдегидтердің өндірістік қосындыларын және басқа қосындыларды қайта тиеу және сақтау орындары;

тазартатын және жуатын - булайтын станциялар, дезинфекциялау - қайта жуу объектілері, кемелерді, цистерналарды тазартатын пункттер, балласты және арнайы қалқымағы жинағыштардан құрамында мұнай бар шайынды суларды қабылдауға арналған қабылдау - тазарту құрылыштары;

4) кез келген көлік құралдарына жаңар - жағар май материалдарын құюға арналған ғимараттар, құрылыштар және тиісті жабдықтар кешені (автожанаармай қую станциясы).

7. Электрмен жабдықтау және жылумен жабдықтау саласында:

1) мұнай электр станцияларын немесе 1 - реакторларды бөлшектеуді немесе пайдаланудан шығаруды қоса алғанда (барынша қуатты тұрақты жылу жүктемесінің 1 киловаттынан аспайтын бөлінетін және өндірілетін материалдарды өндіру мен консервациялауга арналған зерттеу қондырғыларын қоспағанда) атом электр станциялары және атомды реакторы бар басқа да қондырғылар;

2) жылу электр станциялары және жағу үшін 50 мегаватт немесе одан да көп жылу қуаты әкелінген басқа да қондырғылар.

8. Сүмен жабдықтау саласында:

1) тәулігіне 50 текше метрден асатын жиналған су көлемі бойынша жер үсті және жер асты сулары бойынша;

2) су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі және сумен жабдықтау аймақтарының санитарлық қорғалу аймақтарындағы объектілердің орналастырылуы бойынша.

9. Су бұру саласында:

1) 150000 адам мөлшеріндегі халық санының эквивалентінен асып түсетін өнімділігі бар сарқынды суларды тазарту;

2) тәулігіне 50 текше метрден асатын бұрыларатын су жер асты көкжиектеріне, жер рельефіне, сұзгілеу аландарына ағынды суларды бұру бойынша.

10. Қалдықтармен жұмыс жасау саласында:

1) қауіпті қалдықтарды жағу, рекуперациялау, химиялық өндеу, көму және жою бойынша;

2) өнімділігі сағатына 3 тоннадан асатын коммуналдық - тұрмыстық қалдықтарды жағу бойынша;

3) өнімділігі тәулігіне 50 тоннадан асатын қауіпті емес қалдықтарды жою бойынша;

4) инерттік қалдықтар қоқыстарын қоспағанда, тәулігіне 10 тоннадан астам қалдықтар түсетін, немесе жалпы сыйымдылығы 25000 тоннадан асатын қалдықтарды орналастыру полигондары бойынша;

5) жануарлар өлексерін жоюға арналған қондырғылар;

6) радиоактивті қалдықтарды жою бойынша;

7) ассенизация алқаптары бойынша;

- 8) шұңқырға көметін мал қорымдары;
- 9) қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбалардан басқа) өндіру кезіндегі үйінділер, қалдыққоймалар мен қоқыржинағыштары.

11. Ілтимал қауіпті биологиялық заттарды, оның ішінде генетикалық түрлендірлген организмдер мен өнімдерді өндіру және пайдалану.

12. Өндірістік мақсаттарда су объектілерінің ластануына әкелетін ықтимал қауіпті химиялық, биологиялық және радиоактивті материалдарды пайдаланатын кәсіпорындар мен ғимараттарды су жинау алаңдарында салу және орналастыру.